8D02307 - «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Асенова Айгул Халдарқызының «Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Асенова Айгул Халдарқызының «Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған: 1. ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты аясындағы «Білім беру және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер», «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» мамандандырылған бағыттарына, «8D023 – Тілдер және әдебиет» бағытындағы «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған. 2. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысына сәйкес келеді. 3. Диссертация мемлекет тарапынан қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Аталған диссертациялық жұмыс **ғылымға елеулі үлесін қосады**. Себебі салыстырмалы-тарихи бағыттағы зерттеулерге сүйене отырып, қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріне тән ортақ сөздердің семантизациялануын қарастыра отырып, тіл білімінің салыстырмалы-тарихи бағыты, семасиология саласы, қыпшақ тілдерінің дамуы секілді бірнеше бағытта зерттеу жүргізілген. Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерінің тілдік және генетикалық жағындығын, семантикалық даму эволюциясын талдау, мәдени-

			тарихи байланысын анықтау жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Нақтырақ айтсақ, жұмыстың өзектілігі жаһандану үдерісі белең алған қазіргі кезеңде қыпшақ-ноғай кіші тобына жататын тілдердің (қазақ, қарақалпақ, ноғай) лексика-семантикалық жүйесіндегі генетикалық бірлікті ғылыми тұрғыдан қайта пайымдау қажеттілігімен айқындалады. Бір жағынан, бұл тілдердің ортақ семантикалық ядросын негіздеу түркі халықтарының рухани тұтастығын айғақтаса, екінші жағынан, әр тілдің өзіне ғана тән семантикалық дифференциациясын (дараланuын) талдау – ұлттық код пен тілдік ерекшелікті сақтаудың ғылыми кепілі болып табылады. Диссертациялық жұмыс «Салыстырмалы-тарихи тіл білімі», «Түркі тілдері», «Лексикология», «Қазақ тілінің семантикасы», «Қыпшақтану» т.б. секілді тоғыспалы ғылым салаларының жекелеген мәселелерінің дамуына ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан **маңызы жоғары деп есептейміз.**
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертанттың **өзі жазу деңгейі жоғары**. Диссертанттың өзі жазу деңгейінің жоғарылығы қыпшақ тілдерінің батыс-ғұн бұтағына жататын қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріне жүйелі ғылыми шолу жасауынан, сөз семантикасы туралы зерттеулерді сипаттауынан, қарастырылған үш тілдегі ортақ сөздерді салыстыруынан, ортақ сөздерге семантикалық талдау жасап, өзіндік тұжырымдар ұсынуынан, қазіргі семасиология саласына қатысты жаңаша көзқарастар бере алуынан көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі **толығымен негізделген** (6-7 беттер). Зерттеудің өзектілігі қазақ тіл біліміндегі жаңаша көзқарастар мен тұжырымдарды қажет ететін семасиология саласын қарастыруы, түркі тілдерінің ішіндегі қарақалпақ пен ноғай тілдерінің тілдік деректері қарастырылып, ғылыми тұжырымдар жасалуымен байланыстырылған. Жұмыста ішкі бірлік принципі сақталған, үш тілдегі семантикалық даму мәселесі түрлі аспектілер арқылы ғылыми тұрғыдан толықтай негізделген.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны диссертация **тақырыбын толық айқындайды.** Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші тарауда қыпшақ тілдерінің классификациясы мен тарихи және лингвистикалық даму сипатына ғылыми шолу жасалған. Екінші тарауда семасиология саласы туралы зерттеулерге ғылыми тұрғыда сипаттама беріліп, ортақ сөздер іріктелініп алынған. Ортақ сөздерге диахрондық және синхрондық тәсілмен семантикалық талдау жасалған. Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдері бойынша ортақ сөздердің семантикалық айырмашылықтары мен ерекшеліктері салыстырылған. Үшінші тарауда қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттарындағы семантиканың даму үлесі мен көпмағыналылық құбылысына, семантизациялану үдерісі арқылы көрінетін әлемнің тілдік бейнесі мәселелері қарастырылған. Қорытынды нәтижелері диссертацияның құрылымынан, әр тарау соңында жасалған түйіннен көрінеді. *Дегенмен «1.2. Қыпшақ тілдерін топтастырудың лингвистикалық негіздері» тараушасында осы бағытта зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектеріне кеңінен ғылыми талдау жасалғанымен, автордың өзіндік қорытындысын байқай алмадық. Автор өзіндік көзқарасын анық көрсетсе, жұмыстың құндылығы артар еді деген ойдамыз. Сонымен бірге қорытынды бөлімдерінде «сипаттау», «тоқталу», «айқындау», «жүйелеу», «іріктеп алдық», «айқындауға тырыстық» және т.б. сияқты сипаттамалық немесе процесске бағытталған сөздерді пайдалану жұмыстың ғылыми салмағын төмендетуі мүмкін. Диссертация мақсаты нақты нәтиже мен жаңа білімді қорғау. Сондықтан қорытындыда «не істелгені» емес, «не анықталғаны» және оның «ғылыми маңызы қандай» екені нық жазылуы тиіс деген ойдамыз.*
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеу жұмысының міндеттері зерттеу мақсатына, зерттеудің нысаны мен ұсынылған тұжырымдарына және диссертация тақырыбына **толығымен сәйкес келеді**. Зерттеу мақсаты

		1) сәйкес келеді;	салыстырмалы-тарихи бағыттағы зерттеулерге сүйене отырып, қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріне тән ортақ сөздердің семантизациялануын айқындау, даму жолдарын зерделеуге бағытталған.
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері **логикалық тұрғыда толық байланысқан**. 3 тарау 13 тараушадан тұратын диссертанттың зерттеу жұмысы толық байланысқан, логикалық бірізділік пен ғылыми жүйелілік сақталған.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Зерттеу жұмысында диссертант ұсынған **ғылыми тұжырымдар дәлелденген**, өзіне дейінгі зерттеу еңбектеріндегі ғылыми пікірлермен салыстырылып, бағаланған. Семасиология саласына қатысты жаңаша көзқарастар ұсынып, автор өзіндік талдауын өзге ғалымдар көзқарастарымен жүйелеп ұсына білген.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстағы қол жеткізген **нәтижелер мен қағидаттар жаңа**. Атап айтқанда, 1. Қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі семасиологияға қатысты зерттеулер жүйеленген. Семантизациялану ұғымының анықтамасы айқындалып, құрамдас бөліктері сипатталған. 2. Аталған тілдердегі ортақ сөздер ретінде *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш* тілдік бірліктері алынып, салыстырамалы түрде семантикалық талдау жасалып, семантизациялануы мысалдармен дәлелденген. 3. Ортақ сөздердің семантизациялануын көрсету барысында қазіргі қалпы ғана емес, тарихи тұрғыдан түрлі көне түркі сөздіктері арқылы сипаттай білген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			4. Сөз мағынасының дамуы көпмағыналылық арқылы жүзеге асатынын айта келе, оны феномен ретінде қарастырған. 5. Танымдық бағытқа негізделген концептілік талдау үлгісін де семасиология аясында қарастыру қажеттігі жайлы жаңаша ғылыми көзқарас ұсынған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Зерттеу жұмысының қорытындылары **толығымен жаңа** және жаңалық деңгейі зерттеу мазмұнында дәйектелген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылған техникалық және басқару шешімдері **толығымен жаңа және негізделген**.
		1**) толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу жұмысындағы барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда **ауқымды дәлелдемелерде негізделген**. Ғылыми нәтижелерге жету үшін ғалымдар тұжырымын басшылыққа алуы, тілдік бірліктерді түсіндірме, этимологиялық, фразеологиялық сөздіктер арқылы дәлелдеп, көркем шығармадағы мысалдармен айқындауы зерттеудің ауқымды әрі дәлелдермен негізделгенін аңғартады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	7.1. Диссертанттың қорғауға ұсынған негізгі қағидаттары **толық дәлелденген**. Зерттеу жұмысында негізгі 5 қағидатты айқындаған. Әрбір қорғауға ұсынылған тұжырымдар зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған. 7.2. Қорғауға ұсынылған негізгі ережелер тривиалды емес. Өйткені зерттеу жұмысында тіл білімінің бірнеше саласын қамтып, жаңаша көзқарастар мен тұжырымдар жасалған. 7.3. Қыпшақ тілдеріндегі қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі ортақ сөздердің семантизациялануын айқындауда *а, аз, ай, айт, ақ,*
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) **дәлелденді;**	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

		7.2 Тривиалды ма?	*ал, ақ, арт, аш* тілдік бірліктеріне семантикалық талдау жасап, қазіргі қолданыстағы жаңа мағыналарын ашып көрсете білуі автор ізденісінің жаңа екенін дәлелдейді. 7.4. Зерттеу жұмысының қолдану деңгейі кең, себебі мұнда түркі тілдерінің ішіндегі үш бірдей тіл қамтылып, семасиологиялық зерттеулерге қатысты жаңаша пікірлер ұсынылған. Зерттеу нәтижелерін «Салыстырмалы тіл білімі», «Түркі тілдері», «Лексикология», «Қыпшақтану», «Семасиология» салаларында кеңінен қолдануға болады. 7.5. 2022-2026 жылдар аралығында диссертанттың 18 мақаласы жарық көрген. Бұл жарияланымдарда автордың негізгі идеялары жан-жақты талданып, мамандар талқысынан өткен.
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеудің әдіснамасы ретінде салыстырмалы-тарихи тіл білімі бағыты бойынша, түркі лексикологиясы, семасиологиясы салаларындағы ғалымдардың еңбектері М. Қашқари, В.Севортян, Н.Баскаков, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, Ғ.Мұсабаев, К.Аханов, Ә.Болғанбаев, Т.Қордабаев, Р.Сыздық, Р.Барлыбаев, Б.Қалиев пен А.Жылқыбаева, Ә. Хасенов, А.Айғабылұлы, Ә. Қайдар, А.Ибатов, Ә.Құрышжанов, Ғ.Айдаров, М. Томанов, М. Оразов, Б.Сағындықұлы, Г.Смағұлова, Е.Қажыбек, А. Салқынбай, Ғ.Хасанов, М. Ескеева, Ш.Жалмаханов, М. Сабыр,
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	

			орыс тіл біліміндегі В.Виноградов, Ю.Апресян, А.Зализняк және ноғай тілдері бойынша Н.Баскаков, М.Булгарова, Д. Шихмурзаев, Р.Атуов, Ю. Каракаев, З.Суюнов, М.Кидирнязов, түрік ғалымдарынан ноғайтанушы Д. Ергөненч, қарақалпақ тіл білімінен Х.Хамидов, Е. Бердимуратов, Ш. Абдиназимов, Ж.Ешбаев, М.Календаров секілді т.б. көптеген ғалымдардың зерттеулері басшылыққа алынып, сілтеме берілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеуде 2 сызба, 8 кесте қолданылып, тілдік деректер жүйелі, ұғынықты көрсетілген. *Дегенмен жұмыстың 1.2-тараушасында қарастырылған түркі тілдерін жіктеу (топтастыру) мәселесінің ғылыми құндылығын арттыру мақсатында, теориялық мәліметтерді көрнекілік (иллюстративті) әдістермен толықтыруды ұсынар едік.* *Түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерінің ареалдық орналасуын көрсететін лингвистикалық карта, осы тілдердің геолингвистикалық байланысын және семантикалық ортақтығының тарихи-географиялық алғышарттарын айқынырақ пайымдауға мүмкіндік берер еді.*
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысында жасалған теориялық қорытындылар, модельдер анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар ғылыми зерттеулермен және эмпирикалық зерттеулермен дәлелденген және расталған: 1. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдері генетикалық туыстығына қарамастан, әр тілде өзіндік семантикалық даму үрдістері қалыптасқанын айқындаған. 2. Диахрондық зерттеулерсіз синхрондық жүйені толық түсіну мүмкін емес. Тілдің тарихи дамуын білу оның қазіргі құрылымын түсінудің кілті екенін дәйектеген.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

			3. Ортақ сөздердің семантизациялануы экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлардың әсерінің қалыптасатынын дәлелдеген. 4. Семантикалық өзгерістер белгілі бір заңдылықтарға бағынады: мағынаның кеңеюі, тарылуы, ауысуы, көмескіленуі. Бұл үрдістер түркі тілдерінің барлығына ортақ, бірақ әр тілде түрліше көрініс беретінін сипаттаған. 5. Қарастырылған *а, аз, ай, айт, ақ, ал, аң, арт, аш* ортақ сөздері түркі тілдеріне тән байырғы түбірлер және түркілік түпкі негізін сақтаған. Тек кейбір түбірлер ғана ішкі және сыртқы факторлар әсерінен мағынасы кеңейіп, жаңа қосымша мағыналармен қолданылатынын дәйектеген. 6. Көпмағыналылық тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін танытатын феномен ретінде бағалаған. 7. Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерін салыстыра отырып семантикалық талдау жасау арқылы лексикалық бірліктердің даму динамикасын бағамдаған. Батыс ғұн бұтағындағы бір-біріне жақын қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерін салыстыра зерттеу отырып тарихи даму барысында қалыптасқан семантикалық ерекшеліктерге көз жеткізген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара **<u>расталған</u>** / расталмаған.	Зерттеу жұмысында осы уақытқа дейінгі ғылыми әдебиеттерге шолу жасалып, ғылыми мәліметтер теориялық тұрғыдан сарапталған, қолданылған ғылыми материалдар сенімді сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **<u>жеткілікті</u>**/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер саны жеткілікті. Олардың жалпы саны – 157. Пайдаланылған әдебиеттер саны тақырыпқа қатысты таңдалған, зерттеу жұмысының мәтінінде көрініс тапқан, диссертацияны рәсімдеу талаптарына сәйкес сілтемелері жасалған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **<u>1) бар;</u>** 2) жоқ.	Диссертацияның **теориялық маңызы бар**. Зерттеу жұмысында қол жеткізілген нәтижелер мен теориялық тұжырымдар лексикология, салыстырмалы тіл білімі, семасиология, когнитивті тіл білімі, түркі тілдерінің лексикологиясы секілді т.б. салаларды

			жаңа мәліметтермен толықтырады. Қазақ тіл білімінің семантика саласынын теориялық тұрғыдан кеңейтеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары, ЖОО лексикологиялық түрлі курстарды оқытуда қолдануға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар **толығымен жаңа.** Қыпшақ тілдеріндегі семантизация үдерісі туралы, семасиологияның теориялық базасына қатысты өзіндік көзқарастар мен пайымдаулар жаңашылдығымен ерекшеленеді.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертантың академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеу жұмысының құрылымдық жүйесі сақталған, толық аяқталған жұмыс деп бағалаймыз. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар, терминдер жүйесі нақты әрі жүйелі. *Дегенмен де бірді-екілі техникалық, орфографиялық қателер орын алған (субъективті, обьективті, кез-келген, алдын-ала, әр түрлі, кешенді түрді, зат мен құбылыс, ұшбұрыш және т.б.).* *Кейбір жерде стильдік кемшіліктер де байқалады («...ғылыми көзқарасымызды ұсынылды» (146 б.), «...лингвистикалық даму сипатын айқындалды» (147 б.), «...әсерінің қалыптасады» (147 б.)).* *Өзге ұлт авторларынан келтірілген сілтемелерді мемлекеттік тілде беру қажет.*
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер	- техникалық, орфографиялық, стилдік кемшіліктермен жұмыс жасау қажет; - өзге ұлт авторларынан келтірілген сілтемелерді мемлекеттік тілде беру керек; - тарау соңындағы, жалпы қорытындыдағы тұжырымдарды анық көрсеткен жөн.	

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері бойынша Scopus деректер базасында – 1 мақала, ҚР ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымдарда – 6 мақала, халықаралық конференцияда – 2 ғылыми бейне-баяндама, халықаралық конференция жинақтарында – 9 мақала жарық көрген. Бұл жарияланымдар диссертанттың өнімділігін, ғылыми жазу стилі қалыптасқандығын көрсетеді. Ғылыми жарияланымдар диссертациялық жұмыстың міндеттерімен сәйкес келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	8D02307 - «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Асенова Айгул Халдарқызының «Қыпшақ тілдеріндегі (қазақ, қарақалпақ, ноғай) ортақ сөздердің семантизациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 8D02307 - «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептейміз.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің
Жалпы білім беру пәндері кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты **Б.С. Жонкешов**

27.02.2026 ж.

РАСТАЙМЫН
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ғылыми кеңесінің хатшысы
02 » 03 2026

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
«Персоналмен жұмыс және іс жүргізу басқармасы»